

Абай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 тамыздағы №129 "Абай ауданы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Абай облысы Абай ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 2 ақпандағы № 17 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 7 ақпанда № 18-18 болып тіркелді.

Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 29 тамыздағы № 129 "Абай ауданы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6138 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Н. Абдыкаримов

"КЕЛІСІЛДІ"

Абай облысы Абай аудандық аумақтық
сайлау комиссиясының төрағасы

2023 жылғы 2 ақпандағы № 17
Абай ауданы әкімдігінің
қаулысына қосымша

Абай ауданы бойынша үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар тізбесі

№ р/с	Елді-мекен атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындар
1	Қарауыл ауылдық округі	"Абай" алаңы, "Айсұлу" дүкені ғимаратының алдындағы қалқан, Мұхаметқанов көшесі 30. "Балдәурен" ясли бақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының жанындағы қалқан, Шәкәрім көшесі 32. "Аудандық орталық емхана" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының жанындағы қалқан, Көкбай көшесі 1.

2	Кеңгірбай би ауылдық округі	Ауылдық клуб ғимаратының жанындағы қалқан, Сүндетбай көшесі 22 А. "Сәт" дүкені ғимаратының жанындағы қалқан, Абай көшесі 15/2.
3	Көкбай ауылдық округі	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының жанындағы қалқан, Шәкәрім көшесі 3. Балалар ойыны аланының жанындағы қалқан, Шәкәрім көшесі 42 Б.
4	Құндызды ауылдық округі	Ауылдық клуб ғимаратының жанындағы қалқан, Ақтамберді көшесі 5. "Жастар саябағы" жанындағы қалқан, Ш.Әбенев көшесі 18.
5	Архат ауылдық округі	Ауылдық клуб ғимаратының жанындағы қалқан, З.Белібаев көшесі 2. Балалар алаңы жанындағы қалқан, З.Белібаев көшесі 12 А.
6	Архат ауылдық округі	Орда елді мекені, "Мамай атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы қалқан, Қ.Мырзабекова көшесі 44.
7	Қасқабұлақ ауылдық округі	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының жанындағы қалқан, М.Әуезов көшесі 1. Қасқабұлақ ауылдық округі әкімі аппараты ғимаратының жанындағы қалқан, М.Әуезов көшесі 5/2.
8	Саржал ауылдық округі	Ауылдық мәдениет үйі ғимаратының жанындағы қалқан, Қ.Қайырханов көшесі 13. Дәрігерлік амбулатория ғимаратының жанындағы қалқан, Ы.Матаев көшесі 13.
9	Токтамыс ауылдық округі	Ауылдық клуб ғимаратының жанындағы қалқан, Абай көшесі 10. Медициналық пункті ғимаратының жанындағы қалқан, Ш.Әзімбаев көшесі 14.
10	Медеу ауылдық округі	Ауылдық клуб ғимаратының жанындағы қалқан, Тұрағұл Абайұлы көшесі 14.

		"Жастар саябағы" жанындағы қалқан, Е.Әділбаев көшесі 15.
--	--	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК